

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

Совет Одағы Коммунистік партиясының ісі үшін күреске дайын бол!



Газет 1930 жыл-  
дың 14 марты-  
нан шыға бас-  
тады.

# Қазақстан ПИОНЕРІ

№ 7

(7229)

22 ЯНВАРЬ  
ЖЕКЕНБІ

1989 жыл

Газет бейсенбі,  
жексенбі күндері  
шығады.

Бағасы 1 тиын.

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық пионер ұйымы республикалық Советінің органы

**(Жалғасы. Басы өткен сандарда)**

Еңгезердей Нұрахымға әсеркер формасы әп-әдемі жарасады екен. Сықырлатып тақап қалған оның сұлбасын сүттей жарық ай сәулесі тым сорайтып жібергендей. Аққала соғып, қар атқыласқан балалардың арасынан сытылып шығып, із тастай уәделі жерге жеткен мұны Ағдан мен Ермек күле қарсы алды.

— Әй, қара перғауын, өзің оқуды мүлдем қойып, армияға кетіп қалсаң да болады екен ғой.

— Саптың ең алдында қасқайып тұратын түрің бар. Нағыз офицерге лайықсың.

Дабырласқан олар қыздардың қай жақтан жеткенін де байқамады.

Көбесі жаңадан ілінген айнадай жұқа мұздың үстімен жүргендей аулаға тақалған сайын қалт-құлт етіп, ешқайсысы алға асығар емес. Маңайына жалтақтай көз сүзген олардың қазіргі кейпі тоғай ішіндегі сыңар соқпақпен сақтана жылжыған барлаушыларды елестетеді. Үн-түнсіз... бірін-бірі өкшелеп келеді.

Тізбектің соңында — жүрек-сінген Еңлікгүл.

Жұлдызды малақайын шекесіне қисайта қондырған Нұрахым есікті кербездене ашты. Сол-ақ екен аңыраған ана аядай үйді басына көтерді. Орнынан ұшып түрегелген Жамал апай жылаған күйі ыржалаңдап кірген Нұрахымды бас салды.

— Қарғам-ау, келдің бе? Сағындырған Әлиім-ау, сені де көретін күн болады екен ғой! Өзіңді күтумен ғұмырым таусылды...

Құлындағы даусы шыққан Жамал апай Нұрахымды құшағынан жіберер емес. Шерлі де зарлы үн балаларды да егілті. Біріне-бірі қосылып ағыл-тегіл жылаған олар өксіктерін баса алмай солқылдады. Құйқа тамырын шымырлатып, тебе шашын тік тұрғызған кейуана бауырынан жуыр маңда босапайтынын сезгендей Нұрахым:

— Жамал әже, кешіріңізші. Мен Нұрахыммын, апа. Ойынан өрт шығатынын білсекші,— деді қорсылдап.

— Бі-ле-мін, қарғам. Әбдол-

ланың баласы емессің бе?— Жаулығының ұшымен көзін сұрткен ол состиып-состиып тұрғандарға мейірлене қарады.— Кәні, шешініп, тізе бүгіңдер. Өздеріңді қатты қорқыттым білем. Есіктен кірген бойда жылуышырай кеткені. Әлиімнен айнымайды-ау, айнымайды. Езу тартқанына шейін айнымай

ойын басқалары қоздатып жіберді.

— Қалай соғысқанын жазған шығар.

— Жауынгер серіктері туралы да айтуы мүмкін ғой.

— Еһ, шіркін, оқып көрсек!..

— Е-е, қарғаларым, мен бейбақта қайбір ес қалды дейсің. Мына жаққа қойғанымды тарс

## Жаңа жыл, белгісіз жауынгер және қызылізшілер

ПОВЕСТЕН ҮЗІНДІ

тартуын. Тура осы сендердей шағында, он жетіден сәл асқанда соғысқа өзі сұранып кетті ғой. Содан хабар-ошарсыз. Сендер келіп қалар деп дастархан жайып отыр едім. Әлгі ұмытып... бешірлерің бе еді... Жақсы өтті ме, әйтеуір...

Көздері бұлаудай Дана мен Сандуғаш жарыса жауап қатқан:

— Балмаскарадымыз ойдағыдай болды. Тек сізді аздап ренжітіп алған сияқтымыз.

— Өзіңізді отряд пионерлері атынан Жаңа жыл мерекесімен арнайы құттықтайық деп келдің. Әже, сізге зор денсаулық тілейміз.

— Ой, қарғаларым, тілектеріңе рақмет! Бұл пәниде адамға керегі — денсаулық. Ниеттеріңе де ризамын, Әлиімді қатты бір тірілтіңдер емес пе? Кәне, ыстықтай шай ішіңдер.

Жамал әжей сәлден соң:

— Е, қарғаларым, «күлсең — қартқа күл» деген. Әлиімнің осындай әскер киімімен түскен жалғыз көртішкесінен де айырылып қалдым. Бертінге шейін сандықтың түбінде жататын. Ұшты-күйлі жоғалып кеткені, әттең... Әйтеуір, көңілге демеу — майданнан жіберген жарты жапырақ соңғы хаты. Ұшбұрыштап шүберекке түйген күйі қамзолыма түспейтіндей етіп, тігіп қойдым. Менің тұмарым — осы,— деді ол қамзолының жағасын қайырып, омырауын көрсетіп.

— Әже, бұл хаттың ішінде қандай сөздер жазылған?— Кесесін ілгері жылжытқан Еңлікгүл батылдық жасады. Оның



ұмытып қаппын. Қажет кезінде әр нәрсемді өстіп іздеп жүргенім, шарқ ұрып.

Қолындағы қайшысын Данаға ұстатты.

— Мені сығырайтып қайте-сіңдер? Елтеп-септеп сөгіп көргейсіңдер. Ағаларыңның жазғанын өздерің оқыңдаршы. Еміс-еміс есімде қалғаны: «Апа, денің сау ма? Мен де аманмын... Жақсы соғысып жүрмін... Түбінде жеңіс біздікі!.. Әкемнен не хабар?.. Көп ойлама... Таяуда барып қалармыз..» Шал: «Ұлың осылай да осылай жазыпты» деп айтып отыратын.

Бейне сағат шеберінде әр тігіске жіті үңіле түскен Дана қайшының үшкір ұшымен көктеу жіптерді рет-ретімен қиып шықты. Сүйріктей саусақтары епті-ақ. Бірінің қолтығынан бірі сығаласқан ұлдар дөңгелек үстелді аударып жібере жаздаған.

— Сәл шыдасаңдаршы, жөндеп ашайын. Абайсызда жыртып алармыз.

Тезімі жетпеген Нұрахым ашайға қарамай Дананың қолындағы шүберекті қырғиша қағып алды да, қат-қабат бүктеуін ылдым-жылдым аша бастады.

Әбден сарғайып, әлденеше мәрте бүктелген қағаз жұлым-жұлым.

— Япырым-ау, іріп кетіпті,— деді қария мұны көріп,—

О баста дұрыстап орауым керек еді. Су тиген-ау, шамасы. Е-е... қарғаларым, қырық жылға қағаз түгіл адам шыдамас. Сонда қалай, бүткіл қаріптері өшіп қалай па? Үңіліп көріңдер, болмаса қайтадан орап түйе саламын да. Қайтем енді...

Нұрахым майдан даласынан жеткен оқ-дәрінің ісі сіңген солдат хатын үстелдің үстіне қойды.

— Қолдарыңмен ұстамаңдар!— деп ескерткен ол.— Мына бір әріп «С» секілді, ал мынауысы анық «М» таңбасы.

Жапа-тармағай жанар сүзген Сандуғаш пен Ермек те қос әріпті қиналмай ажыратты.

— Шіркін, лупа болса.

— Әттең, не керек! Соңғы мына екі-үш әріпті ештеңеге ұқсатсам-шы. Мүлдем өшіп кетіпті. «Сәлем» деген сөзі жобаға жақындайды-ау. Жалпы долбарлап оқысақ — «Смолдан сәлем». Күмән да, кілтілан да осы «Смол» дегенінде. Сонда ол қандай сөз болғаны, ә...

— Смо-лен-н.

— Иә, Смолен дедің, Смоленск шығар?!

— Сенікі дұрыс, Еңлікгүл! Таптың, Смоленск! Жарайсың!

— Жоқ! Тапқан сенсің. Жамал әже, Әли ағамның соғысқан жерін Ағдан ақыры тапты.

Алып ұшқан кішкентай жүректер лүп-лүп соғады. Күмістей сыңғырлаған шат күлкілер... Американы ашқан Христофор Колумб осылайша қуанбаған болар, сірә!

Әжім шимайлаған Жамал апайдың мұңлы жүзі де бөлекше нұрланып қоя берген. Ілкі сәттік қуаныш серпіні кәрі жүректі де тулатып жібергені анық.

— Ой, қарғаларым, менің! Сендер жүргенде Әлиімнің аты мәңгі өлмейді екен. Бәрін де енді түсіндім. Ризамын тағдырға. «Соғыс» деген сұм сөзді өмірбақи естімейтін болыңдар! Аналарың мен секілді зарламасын! Жаңа жыл табалдырығындағы тілегім де осы.

Үлкен өмірдің, ұзақ ғұмырдың, жыл он екі айдың бір бөлшегіндей Жаңа жыл алдындағы түн енді ғана шымылдық түрген еді.